

ХАЛЫҚ АРАСЫНДА "ШАЛ" АТАНҒАН ТІЛЕУКЕ ҚҰЛЕКЕҰЛЫ

Байдуллава Гүлжайнар Бектай қызы

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті.

Ғылыми жетекші: **Жандос Абдуазимович Байзаков**

АНАТАЦИЯ

Шал өлең шығарып айтуымен ерте айналысқан. Жасынан сөзге үйір, тілге ділмәр, ойлы жас болып көзге түскен. Ақынның тұла бойында, жыр шығарушылық қабілет дарыған.

Кілімті сөз_Беделді тұлға. Ауыз әдебиет үлгісін ұстанған суырып салма ақын. Дарын иесі. Халықтың жанашыр өкілі.

ANATATSIYA

Shal was engaged in reciting poetry early on. From his age, he was distinguished as a eloquent, eloquent, thoughtful young man.

Key words_ Reputable person. A poet who followed the example of oral literature. A gifted person. A sympathetic representative of the people.

Қара шал- қара бура, жарап алып,
Бір кепке он оралып соғады анық
Шетінен әңгіменің кіріп көріп,
Талайлар шығып жатыр жараланып.

Өткен дәуір әдебиетінің беделді өкілінің бірі-Шал. Ол(1748-1819) жырдар аралығында ғұмыр кешкен ақын. Еңбекші халық ортасынан шыққан, ауыз әдебиеті үлгісін ұстанған суырып салма ақын. Шығармалары баспа бетін

кейінірек көргендіктен, ақын шығармашылығы ұзақ жылдар бойы зерттеусіз қалып, тек кейінгі жылдарда ғана ғалымдар назарын аударып, ақын әдебиет тарихынан берік орын алды.

Шалдың бір - ақ өлеңі 1929 жылы "жаңа әдебиет" журналының 5- санында басылды. Ол өз өмірі туралы айтылған. "Он бес деген жасым ай" деп басталатын 19 жолды туынды. 1960 жылдардан бастап Шал шығармашылығы арнайы зерттеле түсті. Оның қазақ әдебиетінің дамуына сүбелі үлес қосқан өз заманының белді, ақынның бірі болғаны айқындалды.

Әкесі Құлеке, ағасы Байжігіт- сол кездегі жорықтарға қатынасқан белгілі адамдар. Шалдың шын аты Тілеуке. Өзінің жастайынан ақ үлкендерше сөйлеп, төрде отырып төрелік айтқан мінезіне қарай жұрт оны "Шал" деп атап кеткен. Оның сүйегі Есіл өзені бойындағы Қаратал деген жердегі зияратқа қойылған.

Ақын өзінің жас шағын еске алған сөздерінде кедейлік көріп өскенін жыр жолдарына қосқан. Мәселен: мына бір өлеңінде.

Кедейлік жабыстынғой бала жастан.

Мені ұятты қылдыңғой қарындасқа.

Аш белімнен құшақтап айырманың.

Көз танысың жоқ па еді меннен басқа.

- деп ашық айтады. Бұл сөзбен біз- Шалдың жастайынан кедейлік тауқыметін көріп өскендігін, анық аңғарамыз. Өмірдің қиын - қыстау заманын ашық айтқан. Өз көрген қиындықтарын өлең жолымен жеткізген, әділеттілікті көксеген суырып салма ақын.

Шалдың жас кезінен айтқан, суырып салма өлеңдерімен бірге "өлеңге тоқтамайды Шал дегенің" деп басталатын бір шығармасы белгілі. Бұл өлеңде қотандағы малды ертемен тұрып аралап жүрген ханды көріп, малжандылығын бетіне басады. Мәселен: мына өлеңінде анық байқалады.

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің

Болмайды қайғы пана тал дегенің

Таң ата жалаң айақ тоқты арқалап

Хан ата қымбат па екен мал дегенің

Сыйлайды ханымыз деп үлкен кіші

Біреудің хақын жемес жақсы кісі

Тақтағы хан таптағы биді еңкейткен

Хан ата қалай екен малдың күші

- дейді. Құдіретті хан алдында айтылған бұл сөз елге тез тарап, ақынның атын көпке жаяды. Халық оның батырлығына сүсінеді. Ел аңызында осы өлеңін тыңдаған хан бала ақынға ұрыспай біраз тіл қағысып, әзілдеседі. Оған сен малды жек көресің бе? мен саған ат мінгізгелі отырмын, алмайсың ба? - деп күледі де, баланың әкесі Құлекеге, мына балаң тумай жатып қартайған бірдеңе ғой, маған үлкен шал адамша сөйлейді. депті

Осыдан кейін жас Тілеукенің Шал аты елге тарап кетті - мыс. Ақынның "Шал" атануы қарттарша сөйлеп халық алдында, төрде отырып, төрелік еткен күннің өзінен ақ мәлім болған.

Қорыта айтар болсақ - Ақын өз дәуірінің аса беделді тұлғасы. Өз жанынан өлең шығарып халықтың көңілінен орын алған, шапағатына бөленген, әділдікті көздеген ақын деп танымыз. Сонымен қатар сол дәуірдің қатыгездігін ашық айтқан, зұлымдықтарымен күресе білген дарын иесі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қанғали Сүйіншіәлиев - қазақ әдебиет тарихы - Алматы 1968.

2. Ертедегі қазақ әдебиеті хирестоматиясы - Алматы 1967.

3. Қазақстан Ұлттық Энциклопедия Бас редакциясы 1998.